АТЫРАУДА ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА БАРЛЫҚ КӨРСЕТКІШ 100 ПАЙЫЗДАН АСА ОРЫНДАЛДЫ 2-бет.


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№30 (2414) 12/04/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз


ЦИТАТА ДНЯ

**Гульмира ИСАЕВА,**
**ВИЦЕ-МИНИСТР СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РК:**

**« ПЕРСПЕКТИВА ВЫХОДА НА РЫНОК ИРАНА ОЧЕНЬ ИНТЕРЕСНА ДЛЯ НАШИХ ПАРТНЕРОВ. ТЕМ БОЛЕЕ, ЭТОМУ СПОСОБСТВУЕТ ЛОГИСТИКА, КОТОРАЯ ПОЗВОЛЯЕТ ИСПОЛЬЗОВАТЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ СООБЩЕНИЕ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН »**

НОВОСТИ

### ПРОЗРАЧНОСТЬ ГОСЗАКУПОК

**На вокзальном комплексе Нұрлы жол функционирует специальный кабинет для проведения заседаний конкурсных (тендерных) комиссий по закупкам товаров, работ и услуг (ТРУ).**

В специально отведенном кабинете проводятся очные переговоры с потенциальными поставщиками по вопросам закупок ТРУ, рассмотрению жалоб и обращений потенциальных поставщиков по процедурам закупок и исполнению договоров, в том числе приемки ТРУ (спорные вопросы), заключительные обсуждения разработанных технических спецификаций.

Регламентом работы кабинета закупок предусмотрена фото-, видеозапись заседаний, а также их учет, регистрация и хранение.

По словам специалистов, кабинет оборудован всем необходимым для эффективной работы конкурсной комиссии, направленной на обеспечение равных возможностей участия в процедуре закупа, привлечение надежных и квалифицированных поставщиков, недопущение нарушений правил закупок.

Специальные кабинеты для проведения заседаний конкурсных комиссий по закупкам товаров, работ и услуг функционируют и в АО «НК «Қазақстан темір жолы». Аналогичные кабинеты начали также функционировать в дочерних организациях, региональных отделениях.

*Жаныбек КЕНЕС*

### PORSCHE ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН

**Автомобили Porsche, предназначенные для китайского рынка, будут поступать клиентам через Казахстан по новому Шелковому пути до трех недель быстрее, чем раньше.**

С апреля 2019 года автомобилестроительная компания начала использовать железную дорогу для доставки автомобилей клиентам в Южном Китае, сообщает издание Rail Freight. Время в пути контейнерного поезда, следующего по маршруту протяженностью 11 тысяч километров из Германии через Казахстан, Польшу, Беларусь и Россию, составит 20 суток.

Отмечается, что на Китай в 2018 году приходился 31% общего объема продаж. Таким образом, это крупнейший рынок сбыта для Porsche. Ранее автомобили отправляли в эту страну морским транспортом, время транспортировки до китайских центров Porsche достигало 50 суток.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

ЦИФРА НОМЕРА

**60 млн тонн**

**ПОГРУЖЕНО НА СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» С НАЧАЛА ГОДА**

АКТУАЛЬНО

# СВЯЗУЮЩАЯ РОЛЬ ОСЖД

Как сообщает пресс-служба АО «НК «ҚТЖ», 8-11 апреля делегация АО «НК «Қазақстан темір жолы» во главе с председателем правления компании Сауатом Мынбаевым приняла участие в XXXIV заседании Конференции генеральных директоров (ответственных представителей) железных дорог Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) в г. Сеул.

**Руслан РАХМЕТОВ**

В ходе заседания рассмотрены и утверждены результаты деятельности рабочих органов ОСЖД за 2018 год, обсуждены вопросы, связанные с обеспечением грузовых и пассажирских перевозок, инфраструктурой, использованием подвижного состава, кодированием и информатикой, профессиональным обучением и подготовкой кадров.

Также обсужден вопрос о ходе проведения Международной межправительственной конференции по принятию текста Конвенции о прямом международном железнодорожном сообщении.

Участники заседания одобрили отчет о деятельности Организации за 2018 год, Программу работы ОСЖД на 2020 год и последующие годы, согласовали бюджет и место пребывания Комитета, а также очередность места проведения заседаний КГД на 2020-й и последующие годы.

Отмечена координирующая роль ОСЖД, позволяющая эффективно выполнять принятые решения и взятые на себя обязательства по реализации бизнес-задач, стоящих перед железнодорожными компаниями с целью привлечения клиентов.

В настоящее время деятельность ОСЖД все больше привлекает внимание потенциальных партнеров железнодорожного транспорта, расширяя горизонты сотрудничества со странами Южной, Юго-Западной и Юго-Восточной Азии.

В рамках заседания Сауат Мынбаев провел ряд двусторонних встреч и переговоров с председателем правления АО «Польские государственные железные дороги» Кшиштофом Маминьски, генеральным директором АО «Эстонская железная дорога» Эриком Лайдвеэ, генеральным секретарем Координационного совета по Транссибирским перевозкам Геннадием Бессоновым, председателем ЗАО «Азербайджанские железные дороги» Джавидом Гурбановым, на которых обсуждены вопросы развития сотрудничества в сфере железнодорожного транспорта.

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Үстіміздегі жылдың 11 сәуірінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық ғимаратында Компания басшылығының, мемлекеттік органдар және отандық темір жол көлігі өнімін өндіруші ұйымдар өкілдерінің қатысуымен «Теміржол көлігі» Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің кезекті отырысы өтті. Онда былтырғы жылдың жұмысы қорытындыланып, ағымдағы жылға арналған басымдыққа ие міндеттер айқындалды.



# СТАНДАРТТАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНДІ

**Сұлугүл БАКЕСОВА**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері – басқарушы директоры, ТК 40 төрағасы Батыр Котырев жиынды аша отырып, қатысушыларды бүгіннен бастап 2018 жылдың 5 қазанындағы №183-VI-шы Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» Заңының күшіне енуімен құттықтады.

– Стандарттау туралы заң стандарттарды қалыптастыруда және бәтуаластыққа қол жеткізуде техникалық комитеттердің рөлін елеулі дәрежеде көтерді. Стандарттау жөніндегі сарапшылардың рөлі артты. Олар өз кезегінде стандарттау бойынша қызметте негізгі рөлді қалыптастырады. Сондықтан бүгін Техникалық комитеттің қаралымына №40 «Темір жол көлігі» Стандарттау жөніндегі техникалық комитеті мүше-ұйымдарының Өзара іс-қимыл ережесі қол қоюға шығарылып отыр. Бұл ереже «Стандарттау туралы» Заңның талаптары негізінде әзірленді. Және де бұл құжатқа қол қою Техникалық комитет қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді, – деді Батыр Котырев.

Бүгінде ТК 40 «Railway Applications» ISO/TC 269 халықаралық техникалық комитетінің толыққанды мүшесі болып табылады. Бас инженер «Railway Applications» ISO/TC 269 техникалық комитетінің жұмыс шеңберінде өткен жылы Стратегиялық бизнес-жоспар, байланыс жөніндегі құжаттар, тағы басқалары қаралғанын, ИСО 269 шешіміне сәйкес келесі пленарлық отырыс Нұр-Сұлтан қаласында өтетін болып белгіленгенін атап көрсетті. Осы пленарлық отырыс барысында бірлескен бірнеше шаралар өткізілетіні белгілі болды.

Ал 2018 жыл еншісіндегі жұмыстарға келсек, өткен жылы ұйымның алты стандартына, мемлекетаралық стандартқа қатысты үш жоба әзірленіпті. Сонымен қатар «Теміржол көлігі» МТК 524 Стандарттау бойынша мемлекетаралық техникалық комитеттің және «Railway Applications» ISO/TC 269 халықаралық техникалық комитетінің жұмыстары шеңберінде мемлекетаралық стандартқа қатысты 60 жоба, ұлттық стандартқа қатысты 25 жоба және 7 халықаралық құжат әзірленген.

«Бизнесті трансформациялау бағдарламасы шеңберінде отандық жолдың жоғары қабатына қажетті материалдар өнімін өндірушілер мен жеткізушілерге техникалық аудит жүргізіліп, нәтижесінде жабын материалдарына арналған ұйымдастыру стандарты бекітілді. Сонымен қатар біз Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық техникалық комитет отырыстарына қатысып, темір жол көлігі саласындағы бірқатар жобаларға өзгерістер енгізу туралы келіссөздер өткіздік. Тұрақты түрде мемлекетаралық стандарттардың жобаларын келісу мәселесі бойынша бейнеконференция өткізіліп келеді. Сондай-ақ, бірқатар мамандарымыз техникалық реттеу саласы бойынша білім-біліктіліктерін арттырды», – деп былтыр атқарылған жұмыстарымен таныстырды бас инженер.

Ал жиынға қатысқан Қазақстандық стандарттау және сертификаттау институты стандарттау орталығының бастығы Евгений Цхай жаңа-дан қабылданып, күшіне еніп отырған ҚР «Стандарттау туралы» Заңның техникалық комитеттер жұмысына ықпалы туралы кеңінен әңгімелеп берді.

Өз кезегінде «Теміржол көлігі» стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарымен «ҚТЖ»ҰК» АҚ Техникалық саясат және реттеу департаментінің директоры Талғат Қанатбаев бөлісті.

Жиын соңында «Темір жол көлігі» Стандарттау жөніндегі техникалық комитетінің мүше-ұйымдарының Өзара іс-қимыл ережесіне қол қойылды. Сондай-ақ, ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуге белсене қатысып, еңбектерімен ерекшеленген стандарттау жөніндегі бірқатар сарапшылар Алғыс хаттармен және Грамоталармен марапатталды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

РЕЙТИНГ

# ПЛАН УТВЕРЖДЕН

В последних числах марта текущего года министром индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан Романом Скляром утвержден План мероприятий по совершенствованию логистической системы Республики Казахстан по показателям Индекса эффективности логистики (LPI) на 2019-2020 годы.

**Асель ШАЙХЫНОВА**

План был согласован с Комитетом государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан и Союзом транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» при непосредственном участии АО «НК «ҚТЖ». Он направлен на повышение позиций Казахстана в рейтинге Всемирного Банка по Индексу эффективности логистики.

Напомним, LPI – индекс Всемирного Банка, рассматривающий легкость осуществления поставок товаров и состояние торговой логистики на национальном и международном уровнях. Показатель измеряет эффективность работы цепей поставок в международной торговле и оценивается каждые два года.

При этом важную роль в обеспечении инфраструктурной основы устойчивого развития экономики Глава государства отводит транспортно-логистическому комплексу. В повышении позиции страны в рейтинге LPI также огромную роль играет АО «НК «ҚТЖ».

Чего стоят только транспортно-логистические возможности СЭЗ, являющегося одним из ключевых проектов программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол». Отметим, что находясь на пересечении важных маршрутов из Китая и Юго-Восточной Азии в страны СНГ, Европу, страны Персидского залива, СЭЗ «Хоргос» обеспечивает дальнейшую интеграцию Казахстана в мировую транспортную и торговую системы. А в технологической увязке с железнодорожными линиями Жетыген – Коргас и Жезказган – Бейнеу, автомобильным коридором «Западная Европа – Западный Китай» и портом Актау, СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота» становится важным центром консолидации и дистрибуции грузопотоков на Новом Шелковом пути.

Для обеспечения комплексных транспортно-логистических услуг по принципу «одного окна» на территории СЭЗ функционирует терминальный комплекс – сухой порт «KTZE – Khorgos Gateway». Здесь производится перегруз, оформление и обработка грузов в железнодорожном сообщении между Казахстаном и Китаем.

Сегодня в сотрудничестве с 17 китайскими провинциями, Вьетнамом и Южной Кореей перевозятся свыше 200 тысяч контейнеров. В настоящее время инвесторы на территории зоны реализуют проекты на сумму порядка 1,7 миллиарда долларов. Дополнительным катализатором увеличения объемов и привлечения инвестиций в индустриальную и логистическую инфраструктуры СЭЗ послужило вхождение в капитал сухого порта крупнейшего мирового морского оператора Cosco Shipping.

ХАБАР – ОШАР

### «ЖАСЫЛ ЖҰМА» – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

**«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ бойынша ұйымдастырылып отырған «Жасыл жұма» экологиялық акциясы аясында өңірлерде белсенді жұмыстар атқарылуда.**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы жанындағы Жастар кеңесінің Достық станциясы бойынша өңірлік өкілі Данияр Бимашевтің айтуынша, бұл акция аталған станцияда бірнеше тонна қалдық қағазды жинауға және қайта өңдеуге, осылайша мыңдаған киловатт электр энергиясын және он мыңдаған литр суды үнемдеуге бағытталып отыр.

– Корпоративтік деңгейдегі міндет – ресурстарды құрметтеу мәдениетін және экологиялық жауапкершілікті дамыту болып табылады. Маңызы зор шараға Достық станциясында теміржолшылар барынша белсенді атсалысуда, атап айтқанда, біз жарықты, суды үнемдеп жатырмыз, макулатура дейді ғой, қағаздарды, пластиктерді бөлек-бөлек қоқыс жәшіктеріне жинаймыз. Қызметкерлеріміз қоқыс жинағын ұйымдастырып, оны қайта өңдеуге жібереді. Себебі мұнда қоқысты өңдейтін өндіріс зауыттары жоқ,– дейді ол.

Достық станциясында теміржолшылар бастаған акцияны енді әкімшілік қолға алып, ол тұрғындар арасына да тарап, барша халық атсалысуға кіріскен. Осылайша теміржолшылар әлемдік экологиялық мәселеге өз тараптарынан үн қосып қана қоймай, бастамашы да болып отыр. Бұл акция ай сайын жұма күні қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту мақсатында өткізіледі. Акция теміржолда жұмыс істейтін барлық құрылымдық мекемелерді қамтиды.

Жалпы бұл акцияның мақсаты – отын-энергетикалық ресурстарын үнемдеу, тұрмыстық қалдықтарды бөлек-бөлек жинау мәселесіне қызығушылықты ояту, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, су ресурстарын мейлінше үнеммен тұтыну.

Акция шеңберінде барша адамға таратылған жадынамада жұмыс күні соңында барлық оргтехниканы өшіру, тиімсіз жарық көздерін пайдалануды доғару, бес минуттан артық адам болмайтын кабинеттерде жарықты өшіру, күндіз жарық түсіп тұрғанда табиғи күн сәулесін барынша көбірек пайдалану және тағы басқа тиімді ұсыныстар айтылған.

*Ұлан ОРАЗ*

### ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ ЖЕТІЛДІРІЛМЕК



**Көлік оқиғаларын тәуелсіз және объективті тексеруді қамтамасыз ету мақсатында заң жобасында темір жол көлігіндегі апатты оқиғаларға тексеру жүргізу тәртібін жетілдіру керек.**

Бұл туралы осы аптада ҚР Парламент Сенатының «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасына қатысты пленарлық отырыста ҚР Инвестиция және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр мәлімдеді.

Сонымен қатар ол өз сөзінде су көлігі саласына қатысты да ұсыныстарды айта келе, порттарда қазақстандық кемелерге жеңілдіктер беретін түзетулер ұсынылатынын жеткізді. Нәтижесінде бұл Ұлттық теңіз тасымалдаушыға тасымал бойынша неғұрлым бәсекелес тарифтік мөлшерлемелерді ұсынуға және тиісінше жүктерді теңіз арқылы тасымалдау үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Соңғы үш жылда Ақтау портындағы 42 апаттық жағдайдың 70 пайызы ескі кемелерге қатысты болған. Сонымен қатар кеме қатынасы шлюздеріндегі ақауларды жою жөнінде уақытылы шаралар қабылдау үшін материалдар мен қосалқы бөлшектердің қорының мол болуын міндеттеуді енгізу ұсынылды.

Отырыста сонымен бірге автомобиль көлігі саласына қатысты да ұсыныстар айтылды. Көлік құралдарын тексеру негіздерінің нақты тізбесін айқындау арқылы жолдардағы бақылау тәртібін өзгерту жайы сөз болды.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*

АҚПАРАТ

## ВОКЗАЛДАҒЫ РЕЙД



**Ақтөбеде теміржол вокзалының басшысы жолаушыларға қызмет көрсету сапасын бақылау үшін рейд жасады. Вокзал басындағы рейд жұмыстары қала тұрғындарының қатысуымен өтті.**

Рейд барысында вокзалға кіргеннен бастап, билет алу үшін электронды кезекке тұру, касса қызметі, тәртіп пен тазалыққа дейін бақыланды. Мамандар осылайша билет алу кезегіне қатысты шағым мен вокзал айналасындағы автотұрақ мәселесін шешуге мүмкіндік іздеді.

Вокзал бастығы жолаушыларға сапалы қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалып жатқанын түсіндірді. Қала тұрғындары теміржол вокзалы жанындағы автотұраққа қатысты шағымдары көп екенін жеткізді. «Теміржол вокзалы да халыққа қызмет көрсету орындарының бірі. Жолаушылардың барлық сұранысын қанағаттандырып, жағдай жасауға тиіспіз. Вокзал жанындағы автотұрақ бізге қарамайды. Десек те халық оған қатысты шағымды бізге айтып келеді. Сол себепті біз де қарап жатпай, жергілікті қалалық әкімдікке және жолаушылар тасымалы қызметіне жағдайды жеткіздік. Автотұрақтың электронды түрде жұмыс жасауын ұсынып жатырмыз. Сол кезде жемқорлық та, адам факторы да жойылар еді»,– деді Ақтөбе вокзалының бастығы Тойбазар Қуанышев.

Вокзал басшысы тұрғындарды касса қызметімен де таныстырды. Қазір Ақтөбе вокзалында 7 касса бар, оның екеуі ақылы. Алдағы уақытта вокзалдағы кассалар санын арттырмақ екен. «Билеттер электронды кезекпен сатылады. Ақылы кассаларға жоғарғы қабаттан орын береміз. Себебі оларда қызмет көрсеткендері үшін қосымша қаржы ұсталады. Ал біздің кассалар халыққа тегін қызмет көрсетеді», – деген вокзал басшысы заңсыз билет сатушыларға тосқауыл қою бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар ретімен де таныстырды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп, заңсыз билетке қатысты арнайы комиссия құрылды. Сол себепті қазір бұл мәселе жойылды деп айтсақ болады. Билеттер сату кезінде ешқандай адами фактор жоқ. Кассалар арнайы бағдарламамен жұмыс жасайды, орын бәріне бірдей беріледі. Немесе жолаушылардың өздері көп жағдайда билетті электронды түрде рәсімдеп алады. Кім бірінші қимылдайды сол билет ала алады, билетті жасырып қалу деген мұнда болмайды»,– дей келе вокзал басшысы, қоғамдық орында халықтың өтініштілегі маңызды екенін, мұндай жұмыстардың алдағы уақытта да өткізіліп тұратынын жеткізді.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*



## ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ЕҢБЕК – ЕГІЗ

**Өндіріспен тікелей байланысты темір жол саласында еңбек қауіпсіздігін сақтау, оның ішінде адам денсаулығын қорғау басты құндылықтардың бірі болып қала береді. Жамбыл өңірінде жоғарыда аталған құндылықтардың қамымен атқарылып жатқан іс-шаралар еш толастаған емес.**

Жуырда дүниежүзілік Денсаулық сақтау күніне орай Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы мен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі және кәсіподақ ұйымы бірлесіп аталған күннің құрметіне акция өткізді. Оған 200-ден аса теміржолшы қатысып, акция бағдарламасындағы шараларға атсалысты.

Алдымен акцияға қатысушылар Амангелді Байқожаев, Бақыт Мәмбетқұлов және Евгений Тян сынды магистральдық желі бөлімшесінің спорт жөніндегі инструкторларының басшылығымен таңертеңгілік гимнастикалық жаттығуға қатысып, денелерін қыздырып алды. Одан кейін Жамбыл темір жол ауруханасының медбикесі Жанар Кулебаеваның дәрігерлік тексеруіне жүгінді.

– Шараны өткізудегі мақсатымыз – қызметкерлерге жалпы барлық аурулардың алдын алу үшін дұрыс тамақтанудың, дене белсенділігінің маңыздылығы жөнінде ақпараттық насихат жұмыстарын жүргізіп, қандағы холестерин және қант мөлшерін анықтап, бой, салмақ және қан қысымдарын өлшеуді көздедік. Сол арқылы кімнің денсаулығы қай деңгейде екені белгілі болады. Ары қарай әркім өз сырқатына қарай тиісті дәрігерге қаралуы мүмкін. Жұмысбастылықпен көп жағдайда өз денсаулығымызға мән бере бермейміз. Осындай шараларды жиі өткізу арқылы көп аурудың дер кезінде алдын алуға болады. Мәселен осы акцияның арқасында біраз жұмысшылар медбике кеңесі бойынша тиісті дәрігерге жолдама алып жатыр, – дейді Жамбыл жол бөлімшесі жастар ісі жөніндегі өңірлік өкілі Д.Жолдасбаев.

Осы шарадан кейін жамбылдық жас теміржолшылар «Никотинге витамин» акциясына қатысты. Онда олар тиісті маманның темекінің адам ағзасына тигізер зияны мен қоғамдағы қатері жайлы ақпаратын тыңдап, қалтасындағы темекісін қоқысқа тастап орнына алма алды. Акция ұйымдастырушылары никотинге тәуелділерге темекі орнына бір келі жеміс алып жеуге кеңес берді.

Шара соңы жастардың көңілді флешмобымен тәмамдалды.

*Жасұлан СЕЙІЛХАН,Тараз*
*Суретті түсірген автор*

ҚҰРМЕТ

# БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІ БАР

«ҚТЖ» ҰК»АҚ Техникалық саясат және реттеу департаментінің НИОКР және метрология бойынша үйлестіру бөлімінің бас менеджері Есентұр Сайрамбаевты зейнетке шығарып салу салтанатына департамент басшылығы және ұжымымен қоса Компанияның бас инженері – басқарушы директоры Батыр Котырев қатысты.



**Сұлугүл БАКЕСОВА**

– «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы сіздің көп жылғы адал еңбегіңізге шын жүректен алғыс айтады. Қарапайым машинист көмекшісінен Компанияның метрологиялық қызметінің басшысына дейін көтерілген сіздің темір жол көлігі саласында жүріп өткен жолыңыз өнегелі. Компанияның тиімді техникалық саясатының қалыптасуында және темір жол саласының дамуында сіздің көп жылдар бойы жинаған тәжірибеңіз бен қолтаңбаңыз жатыр. Сіз темір жол көлігі саласы бойынша Кедендік одақтың Техникалық регламенттеріне саланы кіргізуге дайындауда Компания жұмысына, халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық стандарттау жұмыстарына белсене араластыңыз. Жас теміржолшы буынына қашан да үлгі-өнеге бола білдіңіз. Сіздің жоғары кәсібилігіңіз, ұшан-теңіз білім-біліктілігіңіз және жұмысқа деген жауапкершілігіңіз өз мамандығыңызға деген адалдық пен үлкен махаббаттың жарқын белгісі! Біз сіздің осынау көп жылғы еңбегіңізге алғысымызды білдіре отырып, зор денсаулық, шаңырағыңызға шаттық тілейміз! – деп ақжарма тілегін білдірді бас инженер.

Есентұр Махамбетұлына Техникалық саясат департаментінің директоры Талғат Қанатбаев та ізгі тілегін білдіріп, кейіпкеріміздің метрология саласындағы еңбектері ерен екенін айрықша атап өтті.

... Есентұр Сайрамбаев еңбек жолын 1973 жылы Алматы темір жолына қарасты Арыс станциясындағы тепловоз депосында слесарь-дизельші болып бастаған екен. Кейін тепловоз машинистері мен олардың көмекшілерін дайындайтын техникалық мектепті бітіріп, машинист көмекшісі болып еңбек етіпті.

Жылдар өте жоғары білім алып, техникалық реттеу және метрология саласында тер төгіп, әртүрлі қызметтік сатыларда тәжірибе жинақтайды. 2016 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «ҚТЖ» ҰК»АҚ Техникалық орталықтың НИОКР және метрология бойынша үйлестіру бөлімін басқарды.

Есентұр Махамбетұлының еңбегі басшылық назарынан тыс қалған емес. «ҚТЖ» ҰК»АҚ басшылығынан алған атаулы сағат, төсбелгілер мен мақтау грамоталары кейіпкеріміздің көп жылғы еңбегіне көрсетілген сый-құрмет болса керек. Бүгін де ардагер теміржолшы құрметіне ұжым болып жиналып, еңбек демалысына сый-сияпатпен құрметтеп шығарып салды. «Мен толқып та әрі қуанып та тұрмын. Компания басшылығына, ұжымыма мені сыйлап, еңбегімді бағалап келіп құрмет көрсетіп жатқандарыңызға үлкен алғысымды білдіремін. Баршаңызға мол бақыт тілеймін, отбасыларыңызда жылу мен мейірім үзілмесін, еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын!» деп сөзін түйіндеді зейнеткерлер қатарын толықтырған теміржолшы Есентұр Сайрамбаев.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

САН МЕН САПА

# ЖОСПАРДАН ЖОҒАРЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың бірінші тоқсанында техникалық жоспарға сай барлық 16 көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалды. Яғни, пайдаланым көрсеткіштері түгелдей жоспардан жоғары болып, жүк тасымалының өскенін байқатты.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*

Атап айтқанда, пайдаланым жүк айналымы 2317,9 млн.т-кмнетто болып, 106,5 % құрады. Жүк тиеу көлемі 2414,5 мың тонна болып, орындалуы 101,4 пайыз болды. Пайдаланым жүк айналымымен қоса, жүк вагонының айналымы 102,2, жергілікті вагон айналымы 102,3, ал жүк вагонының өнімділігі 104,8%, вагонның орташа тәуліктік жүрісі 101,8%, вагонның статистикалық салмағы 101,3%, бір жүк операциясына вагонның тұруы 103%, болып, аймақта жүк тасымалы көлемінің осы тоқсанда жоғарылағанын көрсетті. Пойыздың орташа салмағы 3986 тонна-бруттоны құрады, яғни, 101,4% болды. Локомотив жүрісі 102,4%, пойыздың учаскелік жылдамдығы 106,4%, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы 104,9% болып орындалды.

Ал енді ҚТЖ директорлар кеңесі бекіткен жоспар бойынша алғанда 2 көрсеткіш сәл кем түскен. Бірінші, вагонның статистикалық салмағы – 99,9%. Екінші, бір техникалық станция-да вагон тұруының орташа ұзақтығы 0,14 сағатқа артқан, ол 2,8 %. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Темірхан Аманқұловтың айтуынша, вагонның статистикалық салмағы 0,04 тоннаға кем. Себебі, наурыз айында Құлсары станциясынан ТШО мекемесі әр вагон салмағы 32,0 тонна болатын пропан, бутан өнімдерін түсіруі артқан. Сол секілді Махамбет станциясында -18, Атырау - 28, Құлсары - 17, Теңдікте -147 вагон жеңіл салмақты жүктер мен контейнерлер тиелген. Жүктің салмағы жеңіл болғасын, статистикалық салмақ та кемиді.



Бір техникалық станцияда вагон тұруының орташа ұзақтығы артуы Атырау мұнай өңдеу зауытына қарасты Заводская станциясы кірме жолдарының бос болмауынан және станцияларға пойыздардың біркелкі келмеуінен болған. Мәселен, Теңдік станциясында 3 айда барлығы 655 вагон 33610 вагон/сағатқа, Мақат станциясында екі айда 2724 вагон 89314 вагон/сағатқа тұрып қалған. Сол секілді бидай тасушы вагондардың 2-3 күн 67 вагонға жеткенше жиналып қалуы да әсер еткен. Дегенмен, тұтастай алғанда, өңірдегі тасымал тасқыны әзірге жақсы деңгейде келе жатыр.

Бұдан бөлек, мұнайлы астана теміржолшылары қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде барлық бөлімшелер арасында алда десек қателеспейміз. Мұнда еңбек қорғау мен қауіпсіздікке барынша жағдай жасалып, жұмыс орындары түгелдей аттестацияланған, жұмысшыларға қолайлы жағдай жасалған. Өткен аптада Атырау теміржолында өткен бас инежeнерлердің басқосуында белгілі болғандай, аймақта 15-20 жылдан бері еңбек қауіпсіздігі бұзылмай, бірде-бір өндірістік жарақатқа жол бермей жұмыс жасап келе жатқан кәсіпорындар жетерлік.

*Суретті түсірген автор*

ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫН БЕКЕТ?

# МҰНАЙДАН БАСТАЛҒАН ТАРИХ

Маңғыстау ЖТ бөлімшесіне қарасты төртінші класты Жетібай станциясының тарихы өткен ғасырдың 60 жылдары киелі түбекте мұнай өндіріле бастаған кезеңнен бастау алады. Өзен – Маңғыстау теміржолының бойында орналасқан байырғы станция содан бері «қара алтын» мен газ өнімдерін болат жол арқылы тасымалдауды ұйымдастырып келеді.



**Райхан РАХМЕТОВА**

Станция бастығы Дүйсенбай Бердімбетов былтыр ғана тағайындалса да, қолынан іс келетінін танытып үлгерген жастың бірі. Мысалы, оның басшылығымен одақ тарағалы жөндеу көрмеген станция ғимараты күрделі жөндеуден өтіпті.

Ғимараттың шатыры жаңартылып, іші мен сыртына косметикалық жөндеу жүргізілген, қабырғалары қайта сыланып, линолеум төселіп, жаңа жиһаз алынған. Кабинеттерге керме төбелер жасалып, ғимараттың сыртқы ауласы цементтеліп, күрделі жөндеуден кейін тынысы ашылып, көркі келіскен кеңседе жұмыс жасаудың өзі көтеріңкі көңіл күй сыйлайтынын жасырмайды станциялықтар. Бүгінде мұнда басшымен қоса 5 кезекші, 3 тауар кассирі, 3 жүк қабылдап, тапсырушы еңбек етеді.

– Осы жыл басынан бері Жетібай станциясына 60 вагон пойыз келіп, жүк түсірілсе, бізден 37 вагон жүк тиеліпті. Тиелетін жүктердің көбісі және негізгісі – шикі мұнай және мұнай қалдықтары, олар Ресейге бағытталады. Ал келетін жүктер мұнай құбырлары мен жем және құрылыс материалдары, – дейді станция бастығы.

Жақында көктемгі комиссиялық тексерумен Жетібайға соққан комиссия мүшелері бекеттің берекелі тірлігіне риза болған. Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов бар болғаны 15 адам еңбек ететін станцияда ауқымды істер тындырылғанын жеткізді.

– Бүкіл түбек темір жолының негізі осы Жетібай станциясынан басталады. 1961 жылы 5 шілдеде Жетібай кентіне жақын жерде алғашқы мұнай бұрқағы атқылаған болатын. Сөйтіп ұшқан құс, жыбырлаған жәндіктен басқа адам баласы тұрмайтын аптап өлке, маң далаға тіршілік бітіп, бұл жер өндірістік-стратегиялық аймаққа айналды. Үш жылдан кейін темір жол салынады. Мұнай мен темір жолдың арқасында Маңғыстау түбегінде қала мен жұмысшы поселкелері, теңіз жұмыс орындары, әуежайлар мен зауыттар және фабрикалар пайда болады. Станцияның бүгінгі басшысы Дүйсенбай Оспанұлының алғашқы аяқалысы көңілден шығып, бізді қуантып отыр,– дейді Ерлан Бүркітов.

*Суретті түсірген автор*

«ҚТЖ» ҰК»АҚ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ДЕПАРТАМЕНТІ ТАСЫМАЛДАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН 60-63-08 НӨМІРЛІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

# ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – УЛУЧШАТЬ ПОКАЗАТЕЛИ

В Костанайском отделении грузовых перевозок по итогам последнего месяца перевыполнили план погрузки на 106,6%.



**Аслан КУДАБАЕВ,**
*Костанай*

По словам заместителя директора Костанайского отделения ГП Ердена Аманова, план погрузки на март в отделении составил 35029 вагонов (2 млн 356 тыс. тонн). По итогам месяца зафиксировано перевыполнение плана на 106,6%: погружено 37387 вагонов (2 млн 512,3 тыс. тонн). В среднем в сутки удалось отгружать 1206 вагонов – 81 тысячу тонн, в результате чего погружено выше плана 2358 вагонов (156,3 тыс. тонн). К факту прошлого года погрузка увеличена на 302 вагона (2,8 тыс. тонн), или на 0,1%, Наибольших успехов костанайским железнодорожникам удалось добиться при отгрузке продуктов перемола, железной и цветной руды. В частности, по погрузке продуктов перемола при плане на месяц 930 вагонов (62 тыс. тонн) погружено 1156 вагонов (75,6 тыс. тонн), в результате чего план перевыполнен на 122%. По отгрузке руды железной при плане на месяц 18848 вагонов (1 млн 292,7 тыс. тонн) погружено 20666 вагонов (1 млн 432,2 тыс. тонн) – перевыполнение на 111%. К факту прошлого года погрузка руды увеличена на 140 тысяч тонн, или на 11%.

Достигнуты успехи и в отгрузке цветной руды. При плане на месяц 9074 вагона (613,8 тыс. тонн) погружено 9200 вагонов (622,6 тыс. тонн). Погружено выше плана 126 вагонов (8,8 тыс. тонн), план перевыполнен на 101%.

– Мы надеемся, что в следующем месяце нам удастся выйти на еще большие показатели, – говорит Ерден Аманов. – Во всяком случае, мы приложим к этому все усилия. Наша главная цель – увеличивать показатели.

*Фото автора*

ПРОИЗВОДСТВО

# С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ПОДХОДОМ

Только за три месяца текущего года конструкторско-экспериментальный центр (КЭЦ) изготовил и отправил продукцию на сумму 26 миллионов тенге в адрес девяти эксплуатационных вагонных депо. Данное предприятие является одним из успешных в Алматинском регионе, и с каждым годом наращивает свой потенциал.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*



Конструкторско-экспериментальный центр работает как часы, расширяя наименование изготовляемой продукции, с начала года перечень ее увеличен до 109 наименований, а данное предприятие зарекомендовало себя стабильно ориентированным, где успешно внедряются и развиваются передовые методы работы.

КЭЦ еще называют мини-заводом по выпуску нестандартного оборудования, средств малой механизации, инструментов, запасных частей, сформированного по заявкам филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ». Здесь можно заказать продукцию в малых количествах, ведь, как правило, большие заводы этого не делают. К примеру, валик для подвески тормозных башмаков тележек вагонов, ключ для откручивания шпинтонных гаек пассажирских вагонов, молоток для осмотрщика вагонов и многое другое. Популярностью пользуется и универсальный фитинговый упор для сохранения перевозимых грузов крупнотоннажными контейнерами, его применение эффективно на участках в сложной климатической зоне.

